

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Жаратылыстану факультеті

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ

6B05101-БИОЛОГИЯ



АҚТӨБЕ



ББ атауы және шифры: 6B05101-БИОЛОГИЯ

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2024 ж

Компоне нт (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 6.1. Биологияның фундаменталды негіздері (30 академиялық кредит)				
БП ТК	BN 3214	Биотехнология негіздері	5	5
КП ТК	OKTDT 3301	Орнитология және құстардың тұлыбын дайындау технологиясы	5	5
КП ТК	AOKFZh 3302	Ақтөбе облысының карантиндік фитосанитарлық жағдайы	6	5
БП ТК	Gen 3215	Генетика	6	5
БП ТК	TB 3216	Топырақ биологиясы	6	5
БП ЖК	MK 3217	Менеджмент және көшбасшылық	6	5
Модуль 6.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар (30 академиялық кредит)				
БП ТК	OB 3214	Өсімдіктер биотехнологиясы	5	5
КП ТК	Ter 3301	Териология	5	5
КП ТК	Fit 3302	Фитопатология	6	5
БП ТК	SGN 3215	Селекцияның генетикалық негіздері	6	5
БП ТК	TGN 3216	Топырақтану және геология негіздері	6	5
БП ЖК	MK 3217	Менеджмент және көшбасшылық	6	5
Модуль 7.1. Ақтөбе облысының өсімдік шаруашылығы (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	KBMDAZ HI 3303	Кәсіби биолог мамандар дайындау әдістемесі және жасанды интеллект	5	5
КП ТК	ZhSh 3304	Жылыжай шаруашылығы	5	5
КП ТК	AF 3305	Аймақтық флористика	5	5
КП ТК	OB 3306	Орман биологиясы	5	5
КП ТК	OZhK 3307	Өсімдіктер жамылғысының қауымдастығы	6	5
Модуль 7.2 Орман, гүл және жылыжай шаруашылығы (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	KBMDAZ HI 3303	Кәсіби биолог мамандар дайындау әдістемесі және жасанды интеллект	5	5
КП ТК	KMOZT 3304	Көшеттік материалдарды өсірудің замануи технологиясы	5	5
КП ТК	SF 3305	Салыстырмалы флористика	5	5
КП ТК	OPSh 3306	Орман-парктік шаруашылығы	5	5
КП ТК	DKOD 3307	Дала қауымдастығының өнімділік динамикасы	6	5

Модуль 6.1. Биологияның фундаменталды негіздері

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Биотехнология негіздері

Курс авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

магистр, оқытушы Кемалова Н.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Биологиялық нысандар мен процестерді өндіріс, өнеркәсіп технологиясына енгізу туралы, биотехнологияның қазіргі жетістіктерін және экологиялық, экономикалық проблемаларды шешудегі ролін тереңдетіп оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Биотехнология негіздері курсы микроорганизмдер, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының қатысуымен адам өмірі үшін маңызды түрлі қажетті өнімдерді технологиялық жолдармен алуды үйретеді. Ауыл шаруашылығы, азық-түлік, мал, өсімдік салаларын жекелеген бағыттарда қарайды. Курс биотехнология өндірістерінде, зертханада пайдаланылатын құрал-жабдықтарды, жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін зерттейді, теориялық оқыту барысында алған білімдерін тәжірибе жүзінде көрсете білу дағдысын қалыптастырады.

Пререквизиттер: Микробиология, Өсімдіктер, жануарлар және микроағзалар биоалуантүрлілігі

Постреквизиттері: Көшеттік материалдарды өсірудің замануи технологиясы, молекулалық биология

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-4. А) Қоғамның биотехнологиялық өнімдерге қажеттілігіне, селекциялық-генетикалық бағдарламалардың құрылуына бағытталған микробиологиялық, биотехнологиялық, молекулалық-генетикалық және іріктеу әдістерін қолдану негізінде тіршіліктің ұйымдастырылуының әртүрлі деңгейлеріне талдау жүргізеді;

В) Микроорганизмдер мен тірі ағзалардың биотехнологиялық потенциалын бағалап, өндірістік мақсатта қолдану үшін тиімді штаммдарды таңдайды және биотехнологиялық процестердің негізгі параметрлерін негіздейді;

С) Биотехнологиялық өндірісте қолданылатын ферментация, культивирлеу, тазарту және өнімді бөліп алу кезеңдерін жоспарлап, технологиялық сызбаларды құрастырады және процестің тиімділігін есептейді;

Д) Молекулалық-генетикалық және жасушалық инженерия әдістерін пайдалана отырып, рекомбинантты организмдер алу мүмкіндіктерін бағалайды және олардың биологиялық қауіпсіздігін талдайды;

Е) Биотехнологиялық жобаларды әзірлейді, алынған нәтижелерді ғылыми негізде интерпретациялайды және олардың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік маңыздылығын дәлелдейді.

Модуль 6.1. Биологияның фундаменталды негіздері

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Орнитология және құстардың тұлыбын дайындау технологиясы

Курс авторы: магистр, аға оқытушы Абдукаримов А.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдау. Кәсіби биолог мамандарды дайындаудың заманауи технологияларын меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Орнитология құстар фаунасын мен экологиялық ерекшеліктерін, жер шарында таралуын, тыныс алу, қан айналым, ас қорыту жүйесінің ерекшелігіне тоқталады. Таксидермия қазіргі түсінік бойынша оқу процесіне қажет көрнекі биологиялық құралдар (тұлыптар, қаңқалар, муляждар, үлгілер, терілер, макро және микропрепараттар) музей композициясын құрастыруға қатысты іргелі теориялық білім мен практикалық дағдыға үйрететін көлемді бөлім. Осы екі ғылым саласы негізінде пән курсы құрылған.

Прекреквизиттер: Биологияға кіріспе, Зоология

Постреквизиттер: Кәсіби биолог мамандар дайындау әдістемесі және жасанды интеллект.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-11. А) Бауырымен жорғалаушылардың, құстардың, сүтқоректілердің құрылысы мен табиғатын, ерекшеліктерін, табиғаттағы маңызын теориялық тұрғыдан түсініп, практикада құстардың тұлыбын жасаудың технологиясы мен сүтқоректілердің терілерімен жұмыс жасау әдістерін меңгеріп, түрлі экспозициялар жасау дағдыларына үйренеді;

Б) Құстар мен сүтқоректілердің морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін салыстырып талдайды, таксономиялық белгілерін анықтайды және далалық жағдайда түрлерді ажырата алады;

С) Құстардың тұлыбын дайындау кезеңдерін (тері сыпыру, өңдеу, консервілеу, қалыпқа келтіру, монтаждау) технологиялық талаптарға сай орындайды және қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Д) Сүтқоректілер терілерін өңдеу әдістерін (илеу, кептіру, консервілеу) қолдана отырып, музейлік және оқу экспонаттарын дайындайды және олардың сапасын бағалайды.

Е) Табиғи-ғылыми экспозициялар мен оқу-көрме материалдарын жобалайды, биоалуантүрлілікті сақтау және экологиялық ағарту мақсатында ғылыми негізделген көрмелік жұмыстар ұйымдастырады.

Модуль 6.1. Биологияның фундаменталды негіздері

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Ақтөбе облысының карантиндік фитосанитарлық жағдайы

Бағдарлама авторы: Туралин Б.А.

Курстың оқытудың мақсаты: Ауыл шаруашылығына зиян келтіретін өсімдік ауруларын толық жою немесе зиянды әсерін кемітетін әдістер табу. Өсімдіктер бірлестіктерімен олардың мекен ететін ортасы аралығындағы негізгі қарым-қатынас заңдылықтары мен, фитоценоздардың құрылысы, тіршілігі, кеңістікте таралуын, оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ақтөбе облысының карантиндік фитосанитариялық жағдайы өсімдіктерді қорғаудың және карантинді дамытудың перспективалық жоспарын, отандық және халықаралық стандарттарды; облысқа әкелінетін, әкетілетін және тасымалданатын карантиндік өнімге карантиндік бақылауды айқындау үшін өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы нормативтік-әдістемелік материалдарды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері мен ауруларын биологиялық-экономикалық ерекшеліктерді және жүйелі орналастыруды зерделейді; өсімдіктерді қорғау және карантин саласында ғылыми зерттеулер жүргізу әдістемесін түсіндіреді.

Пререквизиты: ботаника, өсімдіктер физиологиясы.

Постреквизиты: Ауылшаруашылығы негіздері, Ақтөбе облысының орман шаруашылығы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-9. А) Өсімдіктер мен көкөніс дақылдарының ауруларының ерекшеліктерін, солардың ішінде өңірдің карантиндік фитосанитарлық түрлерін, аурудың жіктелу принциптерін, диагностикалық әдістерін, нақты зақымданулар кезінде қолданылатын замануи бақылау шаралары мен жалпы технологиялық процестерді біледі, аурулардың алдын алуға арналған қажетті әдіс-тәсілдерді таңдау арқылы ауыл шаруашылығы, жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру технологиясын меңгереді;

В) Ақтөбе облысының фитосанитарлық мониторинг деректерін талдайды, карантиндік зиянкестер мен аурулардың таралу аймақтарын анықтайды және олардың ауыл шаруашылығына тигізетін экономикалық зиянын бағалайды;

С) Өсімдік ауруларын анықтау үшін замануи диагностикалық әдістерді (визуалды талдау, зертханалық сараптама, фитопатологиялық және молекулалық әдістер) практикада қолданады және нақты жағдайларда жедел шешім қабылдайды;

Д) Карантиндік объектілердің таралуының алдын алу бойынша кешенді фитосанитарлық шаралар жоспарын әзірлейді, химиялық, биологиялық және агротехникалық күрес әдістерін тиімді үйлестіреді;

Е) Өңірдің фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нормативтік-құқықтық талаптарды сақтай отырып, алдын алу және бақылау жұмыстарын ұйымдастырады, кәсіби қызметінде жауапкершілік пен экологиялық қауіпсіздік қағидаларын ұстанады.

Модуль 6.1. Биологияның фундаменталды негіздері

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Генетика

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Кеубасова Г.У.

Курсты оқытудың мақсаты: Курсты оқытудың мақсаты: Генетика пәнін оқып білуде білімгерлер теориялық білімін тәжірибелермен ұштастырып, тұқым қуалаушылық заңдылықтарын жан-жақты зерттеп, өзгергіштік түрлерін анықтау, пайда болу себептерін бақылап, есеп шығарып, ғылым әдістері мен мәселелері туралы базалық білімін қалыптастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Генетика курсы-барлық тірі организмдерге тән тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейтін биология ғылымының саласы. Организмдердің тұқым қуалаушылығы мен өзгергіштігі туралы ғылым генетика деп аталады. Генетика тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын ашуға және оларды қоғамның дамуы үшін қолдану жолдарын шешуге үлкен үлес қосты. Сондықтан ол биология ғылымының басқа салалары арасында маңызды орын алады.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, микробиология.

Постреквизиттері: молекулалық биология, ауылшарушылық негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-4. А) Қоғамның биотехнологиялық өнімдерге қажеттілігіне, селекциялық-генетикалық бағдарламалардың құрылуына бағытталған микробиологиялық, биотехнологиялық, молекулалық-

генетикалық және іріктеу әдістерін қолдану негізінде тіршіліктің ұйымдастырылуының әртүрлі деңгейлеріне талдау жүргізеді;

В) Тұқым қуалаушылық, сұрыптау заңдылықтарын және жаңа сорттар мен будандарды алу жолдарын түсінеді;

С) Селекцияның әдістері мен принциптерін биология ғылымдарының барлық жүйесіндегі тәсілдерді қолданады;

Д) Курста клетка құрылымы мен органеллалардың қызметіне көп көңіл бөліп, генетикалық процесстердің молекулалық механизмдерін талдай алады;

Е) Хромосомалардың әртүрлі түрлерін саралау және адамның қалыпты және патологиялық кариотиптерін бағалай алады.

Модуль 6.1. Биологияның фундаменталды негіздері

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Топырақ биологиясы

Бағдарлама авторы: практик-маман Ещанова Г.Ж.

Курстың оқытудың мақсаты: Топырақ биологияның мәселелерін зерттеу объектісі қазіргі кездегі мәселелерді шешудегі ролің жүйенің тұрақтылығын зерттейді. Топырақты биологияның даму кезеңіндегі ерекшеліктерін, теориялық концепцияларды, әдістерді өңдейді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың негізгі ерекшелігі бұл ғылым саласының күрделілігі. Онда жоғары және төменгі саты организмдері, өсімдіктер, омыртқасыз және омыртқалы жануарлар бар. Тірі әлемнің күрделілігі көпжақты және негізгі элементтер айналасындағы биота рөлі, топырақтың тірі заттарының қарым-қатынастық механизмдері туралы, жердің жоғары бөліміндегі органикалық заттардың ыдырауы және түрленуі, гумустың түзілуі мен ыдырауы, оның биохимиялық және биологиялық айналымы туралы білім алады.

Пререквизиты: Биологияға кіріспе, микробиология, зоология.

Постреквизиты: Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен, Ауылшаруашылық негіздері, Ауылшаруашылық дақылдарын өсіру негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-б. А) Топырақтың құрылысын, қасиеттерін, геологиясын, ондағы топырақ организмдерінің ерекшеліктерін зерттеудің қолданбалы биологиялық әдістерін меңгеру арқылы ауылшаруашылығы, жеміс-көкөніс дақылдарының өнімін арттыру мәселесін шешуге ықпал етеді; ашық топырақта және жылыжай жағдайында көшеттік материалдарды отырғызудың замануи технологияларын іс жүзінде қолданады;

В) Топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық көрсеткіштерін (рН, гумус мөлшері, микробиологиялық белсенділік, ылғалдылық) талдайды және олардың өсімдік өнімділігіне әсерін ғылыми негізде бағалайды;

С) Топырақ микрофлорасы мен микрофаунасының құрамын анықтау әдістерін (микроскопия, себінді әдісі, биохимиялық талдау) қолданады және топырақтың құнарлылық деңгейін сипаттайды;

Д) Топырақ құнарлылығын арттыруға бағытталған агротехникалық және биологиялық шараларды (органикалық тыңайтқыштар, сидераттар биопрепараттар, ауыспалы егіс, жабындау-мульчалау мульчирование) жобалайды және олардың тиімділігін есептейді;

Е) Топырақ экожүйесінің тұрақтылығын сақтау, деградацияның алдын алу және ауылшаруашылық өндірісінде экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлейді.

Модуль 6.1. Биологияның фундаменталды негіздері

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Саримбаева Б.Б.

Курстың оқытудың мақсаты: Болашақ мұғалімнің мектептің тұтас педагогикалық үдерісін және білім беру мекемесіндегі тәжірибелік іс-әрекетін жүзеге асыра отырып басқарудағы кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс басқару мен көшбасшылық жөнінде білімдер кешені мен көшбасшылық дағдыларды қалыптастырады. Пәнді игеру барысында менеджмент пен көшбасшылық теориясы, басқару әдістері мен функциялары, басшылық пен билік стилдері, көшбасшылық қызметтің заңдылықтары мен оны жүзеге асырудың механизмдері, команда құру және коммуникация, басқарушылық шешімдер, мотивация, жанжалдарды және өзгерістерді басқару, көшбасшы имиджі сұрақтары қарастырылады.

Пререквизиты: Ботаника.

Постреквизиты: Ауылшаруашылық негіздері, Ақтөбе облысының орман шаруашылығы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-10. А) Жасанды интеллект пен ғылым арасындағы байланыс тұрғысынан кәсіби биолог мамандарды даярлауда жасанды интеллекттің интеграциясының негізін біледі, қаржылық сауаттылыққа ие, мемлекеттік және шет тілінде дайындауда заманауи цифрлық, компьютерлік технологияларды қолданып, практикалық қызметтерінде экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздерін түйсіну арқылы менеджмент пен көшбасшылықтың міндеттерін, «Ұлттық руханият» қағидаларын түсінеді және тарихи оқиғалар, құбылыстар, фактілер бойынша философиялық ой қозғайды; құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке үйрене отырып, әлеуметтік дүниетанымдары туралы көзқарастарын қалыптастырады;

В) Көшбасшылық пен биліктің теорияларын, принциптерін және негіздерін, сондай-ақ басқаруда көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, дамыту және жетілдіру дағдыларын қолдануды біледі;

С) Басқару функцияларын жүзеге асырудың тиімді нысандарын, әдістері мен технологияларын және ұйымдағы нақты жағдайға сәйкес келетін көшбасшылық стилін таңдай алады;

Д) Стратегиялық және жедел басқару мәселелерін шешу үшін тиімді коммуникация және команда құру дағдыларын меңгеру;

Е) Ресурстарды пайдаланудың күтілетін деңгейі мен күтілетін құн арасындағы қатынас ретінде әрбір басқару шешімі нұсқасының тиімділігін бағалайды.

Модуль 6.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Өсімдіктер биотехнологиясы

Бағдарлама авторы: б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Қоршаған ортаның биотикалық және абиотикалық факторларына тұрақты өсімдіктердің жаңа сорттарын шығаруда биотехнологияның әдістері туралы білім қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс мәдени жасушалардың биологиясын, каллустың пайда болуын, *in vitro* жасушаларын өсірудің негізгі әдістерін, қоректік орта түрлері мен құрамын, жасушалық технологияны қолдану кезеңдерін, *in vitro* өсімдіктерінің морфогенезі мен регенерациясы жолдарын, клон өсімдіктерін микрокөбейту және сауықтыруды, өсімдіктердің жаңа сорттарын алу технологияларын, жасуша селекциясын, өсімдік жасушаларын культивирлеу, гендік және жасушалық инженерия технологиясының кезеңдері мен ерекшеліктерін қарастырады.

Пререквизиттері: Ботаника, Өсімдіктер физиологиясы

Постреквизиттері: Жеміс-көкөніс шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, Ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-4. А) Қоғамның биотехнологиялық өнімдерге қажеттілігіне, селекциялық-генетикалық бағдарламалардың құрылуына бағытталған микробиологиялық, биотехнологиялық, молекулалық-генетикалық және іріктеу әдістерін қолдану негізінде тіршіліктің ұйымдастырылуының әртүрлі деңгейлеріне талдау жүргізеді;

В) *In vitro* жағдайында өсімдік ұлпаларын өсіру, стерильдеу, қоректік орта дайындау әдістерін практикада қолданады;

С) Өсімдік жасушалары мен ұлпаларының морфогенезін, каллус түзілуін, соматикалық эмбриогенез және органогенез процестерін талдайды және олардың биотехнологиялық маңызын меңгереді;

Д) Гендік инженерия элементтерін (трансформация, агробактериялық әдіс, маркерлік іріктеу) пайдалану арқылы трансгенді өсімдіктер алу мүмкіндіктерін бағалайды және олардың тиімділігін сараптайды;

Е) Өсімдіктер биотехнологиясы негізінде ауыл шаруашылығында өнімділігі жоғары, стресс факторларға төзімді сорттарды алу бойынша ғылыми негізделген жобалар әзірлейді және биологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып шешім қабылдайды.

Модуль 6.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар

Дублин дискрипторлары: А); В); С);D);E).

Пәннің атауы: Териология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Абдукаримов А.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Териология- жануарлардың алуан түрлілігін, құрылыстарының ерекшеліктерін, тіршілік әрекетін, ортаға бейімдеушілігін, таралу заңдылықтарын зерттеу, олардың өнімділігін арттыру, тиімді пайдалану мен оның табиғаттағы қорын сақтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс мазмұны аңдар туралы ерекше биологиялық маңызға ие зоологияның фундаментальды бөлімдерінің бірі болып табылатын териология ғылымының

мәселелеріне негізделген. Зоологияның саласы ретінде териология жалпы, систематикалық және қолданбалы болып бөлінеді. Жалпы териологияға сүтқоректілердің морфологиясы, физиологиясы, экологиясы, эмбриологиясы мен таксономиясы жатса, систематикалық териология сүтқоректілердің негізгі таксономиялық топтарының классификациясын береді. Қолданбалы териология сүтқоректілерді адаммен тікелей байланысты немесе олармен жанама байланысқан объект ретінде қарастырады.

Пререквизиттері: Зоология, Адам және жануарлар физиологиясы

Постреквизиттері: Ауылшаруашылығы негіздері, Кәсіби биолог мамандар дайындау әдістемесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-11. А) Бауырымен жорғалаушылардың, құстардың, сүтқоректілердің құрылысы мен табиғатын, ерекшеліктерін, табиғаттағы маңызын теориялық тұрғыдан түсініп, практикада құстардың тұлғыбын жасаудың технологиясы мен сүтқоректілердің терілерімен жұмыс жасау әдістерін меңгеріп, түрлі экспозициялар жасау дағдыларына үйренеді;

В) Сүтқоректілердің морфологиялық, анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін талдайды, олардың систематикасын анықтайды және далалық жағдайда түрлерін ажыратады;

С) Сүтқоректілерді зерттеудің далалық және зертханалық әдістерін (биометриялық өлшеу, жасын анықтау, із-таңба талдау, популяциялық есеп жүргізу) практикада қолданады;

Д) Сүтқоректілердің экологиялық рөлін, популяциялық динамикасын және биоалуантүрлілікті сақтаудағы маңызын бағалайды, сирек және жойылып бара жатқан түрлерді қорғау шараларын негіздейді;

Е) Териологиялық зерттеулер нәтижелерін ғылыми тұрғыдан интерпретациялайды, табиғатты қорғау және экожүйелік тепе-теңдікті сақтау бағытында практикалық ұсыныстар әзірлейді.

Модуль 6.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Фитопатология

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Туралин Б.А.

Курстың оқытудың мақсаты: Ауыл шаруашылығына зиян келтіретін өсімдік ауруларын толық жою немесе зиянды әсерін кемітетін әдістер табу. Өсімдіктер бірлестіктерімен олардың мекен ететін ортасы аралығындағы негізгі қарым-қатынас заңдылықтары мен, фитоценоздардың құрылысы, тіршілігі, кеңістікте таралуын, оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Фитопатология курсы өсімдік ауруларының себептерін, қоздырғыштардың арақатынасын, қоршаған ортаны, өсімдіктердің ауруларға төзімділігін және басқа да бақылау жолдарын зерттейді. Сонымен қатар, пән өсімдік ауруларын және олармен күресу жолдарын анықтауға көмектеседі, өсімдіктер мен қоршаған орта арасындағы байланысты зерттейді және жалпы өсімдік ауруларымен күресу жолдарын қарастырады.

Пререквизиты: Ботаника, өсімдіктер физиологиясы.

Постреквизиты: Орман биологиясы, кәсіби биолог мамандар дайындау әдістемесі және жасанды интеллект.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-9 А) Өсімдіктер мен көкөніс дақылдарының ауруларының ерекшеліктерін, солардың ішінде өңірдің карантиндік фитосанитарлық түрлерін, аурудың жіктелу принциптерін, диагностикалық әдістерін, нақты зақымданулар кезінде қолданылатын заманауи бақылау шаралары мен жалпы технологиялық процестерді біледі, аурулардың алдын алуға арналған қажетті әдіс-тәсілдерді таңдау арқылы ауыл шаруашылығы, жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру технологиясын меңгереді;

В) Өңірдің фитосанитарлық жағдайын талдайды, карантиндік объектілердің таралу аймақтарын анықтайды және олардың ауыл шаруашылығына тигізетін экономикалық әсерін бағалайды;

С) Өсімдік ауруларын диагностикалау үшін заманауи әдістерді (визуалды талдау, зертханалық фитопатологиялық және молекулалық әдістер) практикада қолданады және нақты жағдайларда жедел шешім қабылдайды;

Д) Карантиндік зиянкестер мен аурулардың таралуын болдырмау үшін кешенді фитосанитарлық шараларды (агротехникалық, химиялық, биологиялық) жобалайды және олардың тиімділігін есептейді;

Е) Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында нормативтік-құқықтық талаптарды сақтай отырып, алдын алу және бақылау жұмыстарын ұйымдастырады, кәсіби қызметінде экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын ұстанады.

Модуль 6.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Селекцияның генетикалық негіздері

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Қуанбай Ж.І.

Курсты оқытудың мақсаты: Селекцияның генетикалық негіздері пәнін оқып білуде бағдарламаға сай студенттер теориялық білімін тәжірибелермен ұштастырып, тұқым қуалаушылық заңдылықтарын жан-жақты зерртеп, өзгергіштік түрлерін анықтау, пайда болу себептерін бақылап, есеп жүргізу, зертханалық жұмыстарды жүргізуді меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Селекциялық ғылымның жетістіктері адамға тұқым қуалаушылықтың нәтижелерін алуға, үлгілер мен сорттарды, будандарды жіктеуге, генетикалық материалдың өзгергіштігін сипаттауға, генетикалық процестердің молекулалық механизмдерін талдауға мүмкіндік беретіндігімен сипатталады. Тұқымқуалаушылық заңдылықтары, түрлердің алуантүрлілігін анықтау, себептерін бақылау, есептеулер мен зертханалық жұмыстар жүргізуге көмектеседі.

Пререквизиттері: Биологияға кіріспе, Өсімдіктер, жануарлар және микроағзалар биоалуантүрлілігі.

Постреквизиттері: Молекулалық биология, ауылшаруашылығы негіздері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-4 А) Қоғамның биотехнологиялық өнімдерге қажеттілігіне, селекциялық-генетикалық бағдарламалардың құрылуына бағытталған микробиологиялық, биотехнологиялық, молекулалық-генетикалық және іріктеу әдістерін қолдану негізінде тіршіліктің ұйымдастырылуының әртүрлі деңгейлеріне талдау жүргізеді;

В) Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің генетикалық заңдылықтарын түсіндіреді, селекцияда қолданылатын будандастыру, гетерозис, мутагенез және полиплоидия әдістерін сипаттайды;

С) Маркерлік селекция, генетикалық карталау және молекулалық маркерлерді пайдалану арқылы құнды белгілерді іріктеу әдістерін практикада қолданады;

Д) Популяциялық-генетикалық көрсеткіштерді (аллель жиілігі, генотиптік құрылым, селекциялық қысым) есептейді және селекциялық бағдарламалардың тиімділігін бағалайды;

Е) Өнімділігі жоғары, стресс факторларға төзімді және сапалық көрсеткіштері жақсартылған жаңа сорттар мен тұқымдарды алу бойынша ғылыми негізделген селекциялық жобалар әзірлейді және олардың биологиялық қауіпсіздігін сараптайды.

Модуль 6.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Топырақтану және геология негіздері

Бағдарлама авторы: практик-маман Ещанова Г.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Табиғатты қорғауда қолданбалы биология және топырақтану негіздері пәнінің маңызын көрсете білуге қажет білім, іскерлік, дағдылармен қаруландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Топырақтану және геология негіздері курсы топырақ, табиғат, топырақ түзілу процестері, Жер шарының эволюциялық дамуы, оның тарихи қалыптасуы, табиғаттағы геологиялық процестер және қоршаған ортаның әртүрлі факторларының топырақ түзілуіне, биосфераның сақталуына әсері туралы негізгі білімді қалыптастырады және топырақтың табиғаттағы және адам іс-әрекетіндегі рөлін түсіндіреді.

Пререквизиты: Биологияға кіріспе, микробиология, зоология

Постреквизиты: Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен, Ауылшаруашылығы негіздері, Ауылшаруашылық дақылдарын өсіру негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-6. А) Топырақтың құрылысын, қасиеттерін, геологиясын, ондағы топырақ организмдерінің ерекшеліктерін зерттеудің қолданбалы биологиялық әдістерін меңгеру арқылы ауылшаруашылығы, жеміс-көкөніс дақылдарының өнімін арттыру мәселесін шешуге ықпал етеді; ашық топырақта және жылыжай жағдайында көшеттік материалдарды отырғызудың замануи технологияларын іс жүзінде қолданады;

В) Топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін (ылғалдылығы, рН, гумус мөлшері, микроорганизм белсенділігі) өлшейді және олардың өсімдік өнімділігіне әсерін ғылыми негізде бағалайды;

С) Топырақтағы микроорганизмдер мен пайдалы бактериялардың құрамын, қызметін және популяциялық динамикасын зерттеу әдістерін практикада қолданады;

Д) Топырақ құнарлылығын арттыруға бағытталған агротехникалық және биологиялық шараларды (органикалық тыңайтқыштар, биопрепараттар, мульчалау, ауыспалы егіс) схемасын қолдануды жобалайды және олардың тиімділігін есептейді;

Е) Топырақ экожүйесінің тұрақтылығын сақтау, деградацияның алдын алу және ауылшаруашылық өндірісінде экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлейді.

Модуль 6.2. Биологиядағы қолданбалы ғылымдар

Дублин дискрипторлары: А); В); С); D); E).

Пәннің атауы: Менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Саримбаева Б.Б.

Курстың оқытудың мақсаты: Болашақ мұғалімнің мектептің тұтас педагогикалық үдерісін және білім беру мекемесіндегі тәжірибелік іс-әрекетін жүзеге асыра отырып басқарудағы кәсіптік күзінеттілігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс басқару мен көшбасшылық жөнінде білімдер кешені мен көшбасшылық дағдыларды қалыптастырады. Пәнді игеру барысында менеджмент пен көшбасшылық теориясы, басқару әдістері мен функциялары, басшылық пен билік стилдері, көшбасшылық қызметтің заңдылықтары мен оны жүзеге асырудың механизмдері, команда құру және коммуникация, басқарушылық шешімдер, мотивация, жанжалдарды және өзгерістерді басқару, көшбасшы имиджі сұрақтары қарастырылады.

Пререквизиты: Ботаника.

Постреквизиты: Ауылшаруашылық негіздері, Ақтөбе облысының орман шаруашылығы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-10. А) Жасанды интеллект пен ғылым арасындағы байланыс тұрғысынан кәсіби биолог мамандарды даярлауда жасанды интеллекттің интеграциясының негізін біледі, қаржылық сауаттылыққа ие, мемлекеттік және шет тілінде дайындауда заманауи цифрлық, компьютерлік технологияларды қолданып, практикалық қызметтерінде экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздерін түйсіну арқылы менеджмент пен көшбасшылықтың міндеттерін, «Ұлттық руханият» қағидаларын түсінеді және тарихи оқиғалар, құбылыстар, фактілер бойынша философиялық ой қозғайды; құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке үйрене отырып, әлеуметтік дүниетанымдары туралы көзқарастарын қалыптастырады;

В) Көшбасшылық пен биліктің теорияларын, принциптерін және негіздерін, сондай-ақ басқаруда көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, дамыту және жетілдіру дағдыларын қолдануды біледі;

С) Басқару функцияларын жүзеге асырудың тиімді нысандарын, әдістері мен технологияларын және ұйымдағы нақты жағдайға сәйкес келетін көшбасшылық стилін таңдай алады;

Д) Стратегиялық және жедел басқару мәселелерін шешу үшін тиімді коммуникация және команда құру дағдыларын меңгеру;

Е) Ресурстарды пайдаланудың күтілетін деңгейі мен күтілетін құн арасындағы қатынас ретінде әрбір басқару шешімі нұсқасының тиімділігін бағалайды.

Модуль 7.1 Ақтөбе облысының өсімдік шаруашылығы

Дублинские дескрипторы А); В); С); Д); Е).

Пәннің атауы: Кәсіби биолог мамандар дайындау әдістемесі және жасанды интеллект

Бағдарлама авторы: Абдукаримов А.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдау. Кәсіби биолог мамандарды дайындаудың заманауи технологияларын меңгеру.

